

**Май ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 21 мамырдағы "Май ауданының білім беру бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" № 156/5 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Павлодар облысы Май аудандық әкімдігінің 2016 жылғы 22 ақпандағы № 32/2 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 15 наурызда № 4996 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Май аудандық әкімдігінің 2017 жылғы 3 шілдедегі № 127/7 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Май аудандық әкімдігінің 03.07.2017 № 127/7 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы № 410 "Мемлекеттік органының Үлгі ережесін бекіту туралы" Жарлығына сәйкес Май ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Май ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 21 мамырдағы "Май ауданының білім беру бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" № 156/5 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4527 болып тіркелген, 2015 жылғы 20 маусымдағы № 25 аудандық "Шамшырақ" газетінде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген "Май ауданының білім беру бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы Ережеде:

"Коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындар" тізбесінде 3) тармақша алынып тасталсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

